Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын №2 Атырау облыстық ауруханасы

Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения Атырауская областная больница №2

**ХАТТАМА** **ПРОТОКОЛ**

---

Атырау қаласы
«13» қыркүйек 2024 жыл

город Атырау

**«2024 жылдын тамыз айында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша қоғамдық талқылау өткізу туралы»**

Төраға: директор Н.А.Ергалиева

Катысқандар:
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобының төрағасы
Р.Кайыржанов емдеу ісі бойынша директор орынбасарының м.а.,
жұмыс тобының мүшелері;
заңгер-комплаенс офицер Қ.Қ.Темиралиев
бас медбике З.Т.Альмуханова
кадр бөлімінің басшысы, А.Е.Джанбирбаева
статистика бөлімінің менгерушісі А.Р.Хамитов
бөлім менгерушілері, дәрігерлер

**КҮН ТӘРТІБІ**

«№2 Атырау облыстық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ны тамыз айында жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша қоғамдық талқылау.

**Аурухананың камплаеанс офицері К.К.Темиралиев сөз бастады:**
2024 жылғы 2- 30 тамыз аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі жұмыс тобымен ауруханада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізді.

Жүргізілген мониторинг бойынша анықталған сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдер фактілеріне сәйкес аурухананың бір қызметкері дәрігер өз қызмет бабын пайдаланып, 2024 жылдың сәуір айында, аурухана науқастарының «КДЛ ОЛИМП Атырау» ЖШС-мен шарт негізінде зертханалық зерттеуге жіберетін тізімнің ішінде, дәрігердің өзінің жеке басына қатысты 23 атау зертханалық талдауға жібергені анықталды. Барлық 23 атау зертхана талдаулар бойынша 48834 тенге 24 тиын құрап отыр. Бұл аурухананың негізсіз шыққан шығыны болып есептеледі. Себебі мекемемен қызметкерлердің жеке басына қатысты зертханалық талдаулары өтелмейді.

Сонымен қатар, 2024 жылдың мамыр айында, дәрігермен жасалған жұмыс уақытын есепке алу табелі бойынша, артық сағат қосып жазылғаны анықталды. Атап айтқанда, түнгі ауысымның жұмысынан, түстен кейінгі 4 сағат жұмысы уақыты негізсіз қосылып жазылған,

яғни 4, 16, 21, 29 мамыр айында, түстен кеінгі жұмыстар негізсіз артық қосылып жазылып, барлығы 16 сағат – еңбек ақы есептелу бойынша 36 374 тенге негізсіз төленген.

Сондай ақ, 2024 жылдың маусым айының 13 және 25 күні, түстен кеінгі жұмысының 4 сағаттары негізсіз артық қосылып, барлығы 8 сағат-еңбек ақы есептеу бойынша 18 186 тенге негізсіз төленген. Барлық 2024 жылдың мамыр және маусым айында негізсіз төленген сомма 54 560 теңге құрап отыр.

Бұл тұрғыда дәрігер қабылдау бөлімінің менгерушісі ретінде, өз қызмет бабын асыра пайдаланып, өзінің жеке басына қатысты зертқаналық талдауларды ауруханада тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шенберінде емделіп жатқан науқастардың тізімімен бірге жіберіліп, сонымен қатар жасалмаған жұмыс бойынша жұмыс уақытын есепке алу табеліне артық сағаттар қосып жазып, сыбайлас жемқорлық тәуекелі болып табылатын әрекет жасағаны анықталды. Аталған фактілер бойынша қызметкер тәртіптік жауапкершіліккке тартылды.

Осы орайда, алдағы уақытта заң бұзушылық болдырмаудың алдын алу үшін, ауруханада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша ұсынымдар берілді, атап айтқанда:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

-аурухана аумағында өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында оларға қандай да бір адамдардың жүгіну фактілері туралы және т. б. басшылықтың назарына дереу жеткізу.

**Төрағалық етуші аурухана директоры Н.А.Ерғалиева сөз жалғастырды;**

Айтылғандардың негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс - шаралар жоспарын бекітті, онда орындаушылар мен орындау мерзімдері көрсетілген.

**Камплаеанс офицер** **К.К.Темиралиев**

**Хатшы** **А.Е.Джанбирбаева**